

## Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2720 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

I. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар мынадай Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 14, 93-құжат):

1) 3-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Лицензиялар (патенттер) иеліктен алынбайды, яғни, егер заң

актілерінде өзгеше көзделмесе, лицензиат оларды басқа жеке немесе заңды тұлғаларға бере алмайды";

2) 9-бапта:

бірінші бөлігі 1-тармақ болып саналсын;

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер олар басқа салаларда пайдаланылмайтын болса, қару-жарак пен оның оқ дәрісін, ақпарат қорғаудың криптографиялық құралдарын, арнайы жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды, әскери техниканы, босалқы бөлшектерді, оларды құрастыратын элементтер мен приборларды, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату";

б) тармақшада "өндіру" және "көму" сөздері алынып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) электр және жылу қуаттарын өндіру, беру және бөлу";

23) тармақшада "ішкі өндірістік мақсаттағы" сөздерінен кейін

"сондай-ақ курьер қызметтерін" сөздерімен толықтырылсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) минералдық шикізатты ұқсату";

32) тармақшада "сақтау және сату" сөздері алынып тасталсын;

33),35),36) тармақшалары алынып тасталсын:

34) тармақшасы 33) тармақшасы болып саналсын және "барлау, өндіру" сөздері алынып тасталсын:

37) тармақшасы тиісінше 34) тармақшасы болып саналсын; мынадай мазмұндағы 35)-39) тармақшалармен толықтырылсын:

"35) бағалы қағаздар бланкілерін жасау және әкелу;

36) шетел жұмыс күшін тарту, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шет елдерге шығаруға байланысты қызмет;

37) заңды тұлғалардың түсті және қара металл қалдықтары мен сынықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, ұқсатуы және өткізуі;

38) сот-сараптама қызметі;

39) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін бейнелейтін Конституцияда айқындалған материалдық-бейнелеу заттарының өндірісі";

бап мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Табиғи ресурстарды пайдалану мен айналадағы ортаны қорғау жөніндегі қызметті лицензиялаудың ерекшеліктері арнайы заңдармен белгіленеді";

3) 10-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) медициналық, дәрігерлік және мал дәрігерлік қызметімен айналысу";

5) тармақшада "бөлшек және көтерме саудада азық-түлік тауарларын сату" сөздері алынып тасталсын;

4) 12-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қауіпсіздік, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, айналадағы ортаны, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау тұрғысынан алғанда лицензиялауға жататын тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) тізбесін, сондай-ақ экспорт-импорт операцияларын жасауға лицензиялар беру мен ресімдеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді".

5) 20-бап:

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Лицензия беруден негізсіз бас тарту немесе белгіленген мерзімде бермеу фактісін анықтағаннан кейін сот лицензия органын сот шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап он күн мерзімде лицензия беруге міндеттейтін шешім шығарады";

б) 21-баптың 1-тармағындағы 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) азаматтың кәсіпкерлік қызметінің тоқталуы, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы";

7) 22-баптың 1-тармағында "лицензиардың" сөзі "егер заң

актілерінде өзгеше көзделмесе, сот тәртібімен" сөздерімен алмастырылсын.

2. "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 5, 39-құжат):

5-баптың екінші абзацы "вексельдер" сөзінен кейін "ипотека куәліктері" сөздерімен толықтырылсын.

II. осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Нарбаев Е.Ә.